

Табиғатты аялау – адамзатқа парыз



Өткен сенбіде ел көлемінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында ауқымды көгалдандыру жұмыстары өтті. Ігі шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Сондай-ақ, арнайы телекопір арқылы 20 өңір тікелей эфирге қосылып, бір мезетте жасыл желек отырғызу ісіне жұмыла кірісті. Бұдан Қарағанды облысы да қалыс қалған жоқ. Сол күні бес мыңнан астам Қарағанды тұрғыны «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» атындағы этнопарк аумағына 1500 түп қарағай, қайың және терек көшетін отырғызды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қала тұрғындарымен бірге акцияға қатысып, өңірдің дамуына қолайлы әрі жасыл орта қалыптастыруға үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдірді.



– Бүгін мұнда жастардың қарасы қалың жиналды. Бұл – өскелең ұрпақтың қоршаған ортаға бейжай қарамайтынын айқын көрінісі. «Таза Қазақстан» – мазмұны терең, идеологиялық мәні зор бастама. Әрбір жас отырғызған ағашының одан әрі күтімі мен өсуіне жауапкершілікпен қарай бастайды. Бұл өз кезегінде оларды өсімдіктер әлемін тереңірек тануға, табиғат заңдылықтарын түсінуге жетелейді. Сонымен қатар, қошет отырғызудың, оны дұрыс баптап, күтіп-өсірудің қыр-сырын меңгеруге ынталандырады. Осындай игі істер арқылы жастардың экологиялық мәдениеті қалыптасып, табиғатты аялау – олардың өмірлік қағидатына айналады, – деді ол.

«AMANAT» партиясы жанындағы Жастар рухы «Жастар қанатының» белсендісі Зият Сәдуақасов, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына қатысу – әр азаматтың парызы екенін атап өтті.

– Қарағанды жастары бұл бастамадан қалыс қалып жатқан жоқ. Олар тек қатысып қана қоймай, өңір экологиясын жақсартуға үлкен үлес қосып келеді. Жалпы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, ең алдымен, сана-сезім мен жауапкершіліктен басталады. Өйткені, біз қоршаған ортада жалғыз өмір сүріп жатқан жоқпыз. Біздің жақындарымыз, келер ұрпақ бар. Сондықтан, бүгінгі атқарып жатқан әрбір ісіміз тек өзіміз үшін емес, тұтас қоғам үшін маңызды. Сонымен қатар, жастардың жұмысы бір ғана «Таза Қазақстан» акциясымен шектеліп қалған жоқ. Партиялық жобалар аясында жүйелі түрде түрлі экологиялық шараларға қатысып келеміз. Соның бірі – «Таза бейсенбі» акциясы. Бұдан бөлек, «Жастар рухы» ұйымының бастамасымен жыл сайын роуд-эстафета ұйымдастырылады. Акция аясында облыстық

және республикалық маңызы бар автожолдардың бойын коқыстан тазартуға шығамыз, – деді Зият Айдынұлы.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи парк ұжымы облыстық орман шаруашылығы инспекциясымен, экология департаменті және туризм басқармасымен бірлесіп, акцияға белсене атсалысуда. Өрі Ұлттық парк этнопарк аумағына 200 түп ағаш тарту етті.

– Мекеме тарапынан табиғатты қорғауға бағытталған («Партер шеруі») экологиялық акция жүзеге асырылып келеді. Бұл акцияның қолға алынғанына көп уақыт болмаса да, оның аясында бірқатар игі жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтқанда, біз жүйелі түрде қошет отырғызу жұмыстарымен айналысамыз. Биыл кең көлемде ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» акциясына арнайы қатысып, Дүниежүзілік ағаш отырғызу күніне орай этнопаркке 200 түп ағаш тарту еттік. Бұл тек қоршаған ортаны көгалдандыру деген сөз емес. Бұны біз келешек ұрпаққа жасалған маңызды инвестиция деп білеміз. Алдағы уақытта да осындай экологиялық бастамаларды жалғастырып, табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргіземіз, – деді Қарқаралы мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі басшысының орынбасары Жанайым Әбеуова.

Айта кетейік, жыл басынан бері облыс көлемінде 5 мың ағаш егілген болса, маусым соңына дейін тағы 31 мың қошет отырғызу жоспарланып отыр.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, бұл бастамаға ел көлемінде 45 мыңға жуық адам қатысса, соның бес мыңнан астамы Қарағанды тұрғындары екен. Олардың қатарында еріктілер, экологтар, эко-белсенділер, жастар және табиғатқа бейжай қарамайтын азаматтар бар. Олар абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын да қатар жүргізіп, табиғатқа деген жанашырлықтың жарқын үлгісін көрсетті.

– Мемлекет басшысы атап өткендей, «Таза Қазақстан» – бір күндік науқан емес, жылдар бойы үздіксіз жалғасатын маңызды бастама. Оның мәні мен маңызы Конституция деңгейінде айқындалған. Сондықтан, ең алдымен осы игі іске атсалысып жүрген

барша азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін. Бұл – жай ғана акция емес, әрқайсымыздың күнделікті өмір салтымызбен тікелей сабақтас ұғым. Тазалық әркімнің өз ауласынан басталады. Осы қа-

рапайым қағиданы берік ұстансақ, қоршаған орта да таза, әрі жайлы болары сөзсіз. Баршаңызды алдағы уақытта да «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысып, туған өңіріміздің тазалығы мен

көркеюіне үлес қосуға шақырамын, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс бойынша «Жасыл ел» республикалық штабының жетекшісі Сұлтан Шаймағанбет болса:

Мұғалім мәртебесінің мәні неде?

Бұрын педагогтер үшін аттестаттау үдерісі қағазбастылық пен ұзаққа созылған есептіліктің ауыр жүгіндей қабылданатын. Ал, бүгінде бұл жүйе мазмұндық тұрғыда жаңарып, ұстаздың нақты кәсіби нәтижесін әділ бағалауға бағытталып отыр. Оқу-ағарту министрлігі ұсынған жаңартылған аттестаттау моделі формалдылықтан арылып, педагог қызметінің шынайы тиімділігін бағалауға басымдық бермек. Әрі ұстаздың қоғамдағы беделі мен мәртебесін нығайтуға жол ашуда.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде педагог мәртебесін көтеру мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналды. «Педагог мәртебесі туралы» Заң аясында жүзеге асырылып жатқан реформалар ұстаздардың әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, олардың қоғамдағы беделін арттыруға ықпал етті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған ба-сымдықтарға сәйкес жүргізілген бұл



жұмыстар халықаралық деңгейде де оң бағасын алуда. TALIS 2024 халықаралық зерттеуі Қазақстанда педагог еңбегінің қоғамдық маңызы артқанын көрсетті. Еліміз мұғалімдердің еңбектеріне қанағаттану деңгейі жоғары

елдердің қатарына енді. Білім басқармасы мамандарының мәліметінше, Қарағанды облысында бұл реформалардың нақты нәтижесі көрініс табуда. Бүгінде өңірде 24 691 педагог еңбек етеді. Соңғы үш жылда

олардың саны 23 100-ден 24 691-ге дейін өскен. Бұл білім беру саласына деген қызығушылықтың артқанын және мамандықтың тартымдылығы күшейгенін аңғартады.

► 2-бет



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда рәсімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысын) баламалы жазылу жүргізіледі.

Мерекеге дайындық пысықталды

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында мамыр айындағы мерекелерді атап өтуге дайындық барысы пысықталды. Басқосуда 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған іс-шаралар жоспары талқыланып, жауапты басқармаларға нақты міндеттер жүктелді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Басқосу басында аймақ басшысы күні кеше ауа райының қолайсыздығынан туындаған тосын жайттардың салдарын жедел қалпына келтіруді тапсырды.

Әрі қарай облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов мамыр мерекелерінің идеологиялық мазмұны мен ұйымдастыру барысына тоқталды.

Облысымызда Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған 120-дан астам түрлі форматтағы іс-шараны қамтитын өңірлік жоспар бекітілді. Негізгі іс-шаралар 27 сәуір мен 2 мамыр аралығында өтеді. Олардың мазмұны қоғамдық келісімді нығайтуға, ел бірлігін дәріптеуге, «Таза Қазақстан», «Заң және тәртіп» және «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидаттарын кеңінен насихаттауға негізделген. 1 мамырда өңір

бойынша концерттер, спорттық жарыстар, мәдени-көпшілік шаралар, колонер жәрмеңкелері мен этномәдени бірлестіктердің бағдарламалары ұйымдастырылмақ. Орталық саябақта «Бірлік – ел тірегі» атты мерекелік концерт өтеді. Онда Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әртістері, «Наз» мемлекеттік би театры, Гүлнұр Оразымбетова және «Van Gogh» вокалды-аспаптық ансамблі өнер көрсетеді. Сонымен қатар, «Қазақстан – достықтың ортақ шаңырағы» мазмұнындағы этномәдени бірлестіктердің концерттік бағдарламасы ұсынылады, – деді Нұрлан Рахметуллаұлы.

Әлеуметтік желілерде «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» патриоттық челленджі бастау алып, оның аясында әр қала мен аудан кемінде 20 материал жариялауды жоспарлап отыр.

Мамыр мерекелеріне арналған мәдени бағдарлама да ауқымды.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлының айтуынша, өңірдегі мәдениет мекемелеріндегі іс-шаралар бірнеше бағытты қамтиды.

Бірлік күніне орай музейлерде этно-мерекелер мен тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады. Мәселен, облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Қазақстан – бірлік, ортақ тағдыр – Мәңгілік ел» этно-мерекесі, Теміртау қалалық тарихи-өлкетану музейінде «Тағұлтық туы астында» фестивалі, ал, Долинка кентіндегі саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу музейінде «Халықтардың бірлігі – елдің күші» атты фотокөрме өтеді. Кітапханалар желісі де мерекелік бағдарламадан тыс қалмайды. Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған мәдени шараларда патриоттық бағыт басым болмақ. Барлық кітапханаларда көркем оқулар, тақырыптық



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

көрмелер, әдеби кештер, викториналар және тарихи-танымдық кездесулер өтеді. Музейлерде тақырыптық экспозициялар, еске алу көрмелері, кездесулер мен патриоттық акциялар ұйымдастырылады, – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Жинда Жеңіс күніне орай ардагерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де қаралды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалымжан Спабековтің айтуынша, қазіргі уақытта облыста Ұлы Отан соғысының 6 ардагері тұрады. Сонымен қатар, 23 концлагерь тұтқыны, 10 блокадалық Ленинград тұрғыны, 2029 тыл еңбеккері және соғыста қаза тапқан жауынгерлердің 89 жесірі мен жұбайы бар.

Жеңістің құрметіне орай 6 соғыс ардагеріне 5 млн теңгеден әлеуметтік сыйақы қарастырылған. Бұдан бөлек, концлагерь тұтқындары мен блокадалық Ленинград тұрғындарына 200 мың теңгеден, тыл еңбеккерлеріне 100 мың теңгеден, соғыста қаза тапқан жауынгерлердің жесірлері мен жұбайларына 50 мың теңгеден бірқолғы материалдық көмек қарастырылған. Сондай-ақ, ардагерлерге санаторий-курорттық емделуге әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Ардагерлер емді өздері таңдап алады, ал, мемлекет 14 күндік шығынды өтейді. Бұл қолдау облыстың барлық өңірінде қарастырылған және жыл бойы жүзеге асырылады, – деді басқарма басшысы.

Жиын қорытындысында Ермағанбет Қабдулаұлы жауапты басқармалар мен қала, аудан әкімдеріне мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуді тапсырды. Сондай-ақ, қоғамдық қауіпсіздік, тазалық, көлік қозғалысы, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау және мерекелік безендіру мәселелерін жіті бақылауда ұстауды орынбасары Әлібек Үсенұлына міндеттеді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасына жаңа басшы тағайындалды. Бұл қызметке Нұркен Нуратов келді. Ол спорт саласында 2007 жылдан бері еңбек етіп келеді.



Жаңа басшы бұған дейін әр жылдары дзюдо бойынша жаттықтырушы, Орталық спорт клубының спорт комитеті филиалында жаттықтырушы-оқытушы, №9 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде стенттік ату бойынша жаттықтырушы болып қызмет атқарған. Сондай-ақ, Астана қаласы Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты гандбол клубында жаттықтырушы болған.

Кейін Алматы облысының спорт саласында бірқатар жауапты қызметтер атқарды. Атап айтқанда, Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты «Жетісу-Сұңқар» кәсіби футбол клубы директорының орынбасары, Қапшағай қаласындағы облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры және Алматы облысының жоғары спорт шебер-

лігі мектебінің басшысы болды. Осы тағайындауға дейін Нұркен Қанатұлы Алматы облысының Олимпиадалық резервтерді даярлау орталығын басқарған.

Нұркен Нуратов – жоғары білімді маман. Қазақ спорт және туризм академиясын «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша тәмамдаған. Сонымен қатар, осы мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесіне ие.

Өз тілшімізден Сурет облыс әкімінің сайтынан

• ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІ

Дауыл әбігерге салды

Жексенбіде ауа райы күрт нашарлап, өңірде желдің екпіні секундына 23 метрге дейін жетті. Бірнеше тұрғын үй мен мектеп ғимаратының шатыры ұшып, ағаштар тамырымен қопарылды. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары қолайсыз ауа райының ең ауыр салдары Қарағанды қаласында тіркелгенін мәлімдеді.

Қатты желдің салдарынан үш тұрғын үйдің шатыры ұшып кеткен. Оқиғалардың бірінде аула тұрағындағы жеңіл автокөлікке зақым келгені тіркелді. Сонымен қатар, басқа да қала, аудандарда да ағаштар мен ірі бұтақтар құлап, тұрғындар үшін қосымша қауіп төндірген. Мәселен, Абай қаласында дауылды жел екі бірдей бесқабатты тұрғын үйдің шатырын бұлдірсе, Осақаров ауданында мектеп ғимаратының шатырына зиян келтіріпті. Қарқаралы

қаласында екі қабатты тұрғын үйдің шатыры зақымданыпты. Одан бөлек, осы аумақтағы №2 жұмыс істеп тұрған қазандық маңындағы металл мұржа құлаған.

Оқиға орындарына төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері мен жергілікті атқарушы орган өкілдері жедел жеткен. Нәтижесінде, қауіп төндірген шатыр бөлшектері дер кезінде алынып, қауіптің бетін қайтарған.

Өз тілшімізден

Мұғалім мәртебесінің мәні неде?

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Педагогтердің әлеуметтік жағдайы айтарлықтай жақсарған. Қазіргі таңда мұғалімдердің орташа жалақысы 350 000-450 000 теңге аралығында. Соңғы 4-5 жылда еңбекақы екі есеге артты. Сонымен қатар, педагогтердің 74 пайызы біліктілік санаты үшін үстемақы алады. Ауылдық жерлерде еңбек ететін 10 562 педагогтің бір бөлігіне 25 пайыздық қосымша коэффициент төленеді. Бұл ауыл мұғалімдерін қолдаудың нақты тегігіне айналып отыр. Өңірде педагог кадрлардың сапалық құрамы да жақсарып келеді. Магистр дәрежесі бар мұғалімдердің саны 1 366-ға жеткен. Жоғары және бірінші санатты педагогтер де бар. 2018 жылдан бастап мұғалімдер жаңартылған формат бойынша аттестаттаудан өтіп, біліктілік санаттарын алуға. Орта мектеп мұғалімдері үшін апталық оқу жүктемесінің 16 сағат болып белгіленуі де олардың жұмысын жеңілдетуге бағытталған маңызды қадам болды, – деді облыстық білім басқармасының кадр қызметі бөлімінің басшысы Жанат Жұмағелдина.

Педагогтерді аттестаттау жүйесі әлі де жетілдіруді қажет ететінін тәжірибе көрсетіп отыр. Қазіргі талап бойынша мұғалімдер бес жылда бір рет аттестациядан өтеді. Бұл үдеріс тегігі мен портфолио жинақтаудан тұрады. Алайда, тегігі кезеңінде қиындықтар кездесуде. Мысалы, 2025 жылы тест тапсырған педагогтердің 48 пайызы шекті деңгейден өте алмаған. Ал, 2026 жылдың ақпан айында бұл көрсеткіш жақсарып, 55 пайызға жетті. Бұл бағытта әдістемелік қолдау күшейтіліп, «Әдістемелік банкомат» жобасы іске қосылды. Қазіргі таңда жүзден педагог тегігінің келесі кезеңдеріне қатысуда.

С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Аягөз Бухаршина аттестаттау жүйесіндегі өзгерістерге қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, тегігі форматының қысқартылуы – орынды шешім екенін айтады. Себебі, бұл тәсіл мұғалімнің тек теориялық білімін ғана емес, тәжірибелік дағды-



Бұрынғы аттестаттау жүйесінде портфолио, эссе және ғылыми мақалалар әзірлеу көп уақытты талап етіп, белгілі бір қиындықтар туғызатын. Жаңа модель осы жүктемені азайтады деп ойлаймын. Қазіргі жүйедегі ең күрделі кезең – портфолио жинақтау. Өйткені, ол ұзақ уақытты, жүйелі еңбекті және нақты дәлелдерді қажет етеді

ларын да бағалауға мүмкіндік беретінін баса айтты.

– Бұрынғы аттестаттау жүйесінде портфолио, эссе және ғылыми мақалалар әзірлеу көп уақытты талап етіп, белгілі бір қиындықтар туғызатын. Жаңа модель осы жүктемені азайтады деп ойлаймын. Қазіргі жүйедегі ең күрделі кезең – портфолио жинақтау. Өйткені, ол ұзақ уақытты, жүйелі еңбекті және нақты дәлелдерді қажет етеді, – дейді ұстаз.

Оның пікірінше, аттестаттау нәтижесі мұғалімнің кәсіби деңгейін толық көрсете алмайды. Осыған байланысты бағалау жүйесін әлі де жетілдіру қажеттігі байқалады. – Жалпы, жүргізіліп жатқан реформалар мұғалім еңбегінің сапасын арттыруға оң ықпал етеді деп есептеймін, – деді Аягөз Бухаршина.

Жалпы алғанда, жаңа аттестаттау моделі осы мәселелерді шешуге бағытталған. Жанартылған тәсіл артық талаптарды қысқартып, мұғалімнің кәсіби қыз-

метін нақты нәтижелер арқылы бағалауды көздейді. Пәндік тестілеу барлық педагог үшін міндетті болмайды. Ал, бағалау оқушылардың жетістігі мен мұғалімнің күнделікті жұмысына негізделеді. Эссе жазу, ғылыми мақала жариялау секілді формальді талаптар алынып тасталады. Аттестаттау үдерісі толық цифрландырылып, «Үстаз» платформасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйе педагогтің еңбек өтілі, біліктілігі мен жетістіктерін автоматты түрде жинақтап, қағаз-бастылықты азайтады. Ашық сабақтар саны мен біліктілікті арттыру сағаттары қысқартылып, негізгі назар мұғалімнің практикалық жұмысына аударылады.

Президент тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі педагогтердің жүктемесін азайту және білім беру үдерісін цифрландыру бағытында жаңа жобаларды іске асыруда. Атап айтқанда, 2026 жылы ұлттық цифрлық білім беру

платформасын енгізу жоспарланған. Бұл жүйе мұғалімдердің есептілік жүктемесін жеңілдетіп, олардың уақытын оқу процесіне тиімді бағыттауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары педагог кадрларға деген сұраныс та азайып келеді. Егер 2019-2020 оқу жылында 666 бос орын

пломмен ауылға» бағдарламасы аясында жас мамандарға тұрғын үй алуға жеңілдетілген несие мен көтерме жәрдемақы беріледі. Қоғамда мұғалім мамандығына деген көзқарас өзгеріп келеді. Бұрын педагог еңбегі көбіне жүктемесі ауыр сала ретінде қабылдана, қазіргі таңда тұрақты



болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 133-ке дейін төмендеген. Дегенмен, жеке-кейін пәндер бойынша тапшылық сақталып отыр. Әсіресе, математика, физика, ағылшын тілі, информатика және тарих пәнінен мұғалімдер қажет. Бұл мәселені шешу мақсатында өңірде кешенді шаралар қолға алынған. Соңғы бес жылда жергілікті бюджет есебінен 150 педагог дайындалып, толықтай жұмысқа орналастырылды. Педагогикалық мамандықтарға жыл сайын гранттар бөлінуде. «Teach for Qazaqstan» жобасы арқылы басқа сала мамандарын мектепке тарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал, «Ди-

табы, әлеуметтік кепілдіктер және кәсіби даму мүмкіндіктері бар беделді мамандықтардың бірі ретінде қарастырыла бастады.

Жалпы алғанда, жүргізіліп жатқан реформалар педагогтің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, оның қоғамдағы рөлін күшейтуге бағытталған. Жаңа аттестаттау жүйесі мұғалім уақытын есептілікке емес, білім сапасына жұмсауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде еліміздің білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге негіз болмақ.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



«Орталықтың» даңқ галереясы



Андрей Емельянович ДУДАРЕНКО

Гвардия майоры, Бірінші Украин майданы 3-ші гвардиялық миномет дивизиясының 15 гвардиялық миномет бригадасындағы командирдің сап жөніндегі орынбасары. 1945 жылы ол қаза болғаннан кейін Совет Одағының Батыры атағы берілген.



Андрей Емельянович Дударенко 1912 жылы Қарағандыда тулы 22 жасында Қызыл Армия қатарына шақырылғаннан кейін, бүкіл өмірі Отан қорғауға арналды. Саптағы офицер ретінде ол соғыстың басынан 1945 жылғы қаңтарда окса ұшқанға дейін бар ауыртпалықты бастан кешірді. Жалпыға мәлім фашист командованиесі өздерінің атық өкше тірейтін жері Одер өзені бойындағы бекініс деп санап, жан таласа тырмысты. Жау әскері осы жерге шоғырланды. 1945 жылдың қаңтарында біздің бөлімдер өзенді бетке алып ұрыс салды. Әсіресе Опфельде деген жерде қатты қантөгіс болды. Осындай аса қиын жағдайда командир орынбасары Дударенко үлкен ерлік пен тапқырлық көрсетті. Ол жауынгер топтарын бірімен-бірі байланыстырып, шабуылды үйлестіріп отырды. Қаңтардың 26-ында Дударенко соңғы рет өзеннің сол жағалауындағы өз бригадасы әскерлерін аралап шықты. Ертенінде майор Дударенко мінген автомашина өткелге таяп қалғанда алдынан фашист барлаушы-

Иван Михайлович КОЛОДИЙ

Ефрейтор, Қызыл Тулы Сева 69-атқыштар дивизиясының 118 артиллерия полкінің радио телеграфисі, 1943 жылы Совет Одағының Батыры атағын алған.



Иван Михайлович Колодий 1912 жылы Нұра ауданындағы Қиевка ауылында шаруа адамының семьясында дүниеге келді. Өсе келе Өзбекстанға қоныс аударды. Ауылда ұста болды, ересектерге арналған мектепте сауатын ашты. Сөйтіп жүргенде соғыс басталып, майданға аттанған Иван Колодий 69-атқыштар дивизиясының 118 артиллерия полкі құрамында радио телеграфист болды. Қазан айының ортасында біздің әскерлер Днепр өзенінен жаппай өте бастады. Бұл қимылға тосқауыл жасауға өршеленген жау өзінің қыруар күшін шоғырландырып, жан таласа соғысты. 1943 жылғы қазан айының 15-де Чернигов облысының Радубль деген мекен тұсынан Колодий бастаған жаяу әскерлер жау оғы нөсеріне төтеп беріп, Днепрден аргы қабаққа өтті. Жағаға сәл қалғанда қайыққа снаряд түсіп, жаралы жауынгер арқасындағы рациясымен суға кетті. Жаңға батқан жараға қарамастан бар күшін жиып Иван Михайлович жағаға жүзіп шықты да, жандәрмен радиостанциясын іске қосты. Шеберлік танытып, өзіміздің атқыштар жағымен байланысты, оларға нысан нұсқап, дәл көздеп атуына жәрдемдесті.

Алайда жау да қарап жатқан жоқ. Радистің жатқан орнын байқап қалып, оқ төкті, Байланысшының жан-жағында жарылып жатқан снарядтарда есеп болған жоқ. Сол қалың оқтың арасымен жылжып отырып, Колодий байланысын үзген жоқ. Оның тапқырлығы арқасында жау зеңбіректерінің 16 ошағы бірінен соң бірі талқандалып, үні өшті. Сол кезде біздің солдаттар да өзеннен жүзіп өте бастады. Олардың көбінің аман қалуына қаһарман байланысшының себі тиді. Осы айкаста шабуылшы отрядтар қарсы жақтың жиырма шабуылына тойтарыс берді. Әрі байланысын үзбей, әрі жауға оқ атуын тоқтатпаған коммунист Колодийдің ерлігі ерекше танылды. Сол үшін қазанның отызында оған Совет Одағының Батыры, Алтын жұлдызы берілді. Жауынгер сонымен бірге Ленин орденімен, медальдармен наградталды.

Еске алу



Әкеміз Қабдрахман Жармаұлы ӘБДШЕВ 16 (11) тамыз 1940ж. Ресейдің Иркутск қаласында өмірге келген, әкесі Ұлы Отан соғысына кетіп, оралмаған. Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы №7 орта мектепті бітіріп, еңбекке ерте араласқан.

Отан алдында міндетін атқарып, 1966 ж. Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтында физика-математика факультетінде ашылған «Бейнелеу өнер, сызу және еңбек пәндерінің мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған.



1970 ж. Қарқаралы қаласындағы №2 орыс орта мектебіне жолдамамен келіп, еңбек жолын жалғастырған. Ұстаздық қызметін абыроймен атқарып, ауданда, облыста белгілі маман бола білді. Қоғамдық жұмысқа белсене қатысты: мектепте кәсіподақ комитетінің төрағасы, аудандық атқарушы кеңестің 2 мерзім депутаты болып сайланды.

Еңбегі бағаланып, 1982ж. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, 1987ж. «Еңбек ардагері» медалімен, бірнеше аудандық білім бөлімі, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталды. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз, отбасының қамқоршысы, ардақты Әке, мейірімді ата болды. Ол кісі тек білім бере қоймай, шәкірттеріне адамгершілік пен адалдықтың жолын, әріптестеріне ағалық қамқорлығын көрсете білді.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз той тағдырды салғанына, Көзімізге ып-ыстық жас келеді, Әке, өзіңді сағынып еске алғанда. Ата, сізді немерелер сағынды Бүгін тағы еске алып мұнайды...

Міне, ортамыздан кеткеніне 40 күн өтсе де, жүрегіміздегі сағыныш пен орны толмас өкініш әлі басылар емес. Жаны жаннатта болып, иманы жолдас болсын. Алла Тағала жатқан жерін жарық, топырағын торқа қылыш, алдынан жарылқап, пейіштің төрінен орын нәсіп етсін. Өрдайым біздің дұғамызда болады.

Еске алушылар: балалары, немерелері, жіендері, келіндері мен күйеу балалары, жары, туған-туыстары.

№143

Еске алу



Өмірдің өткіншілігін тағы бір ұқтырған қырық күн де сырғып өте шықты... Асылдың сынығы, тектінің тұяғы болған қимас досымыз Берік Кәріғұлұлы БАЙТӨКЕШОВТІ сағынышпен еске аламыз. Зымыраған уақыттың өзі де жүрек жарасын жеңілдетсе алар емес.

Берік Кәріғұлұлы Байтөкешов 1962 жылы қаңтар айында Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Саналы ғұмырын техникалық және кәсіптік білім беру саласына арнаған ардақты ұстаз, білікті маман еді. Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумын қызыл дипломмен тәмамдап, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік» мамандығы бойынша оқып бітірген.



Еңбек жолын 1988 жылы Жезқазған облысы, Қарсақпай кентіндегі №13 кәсіптік-техникалық училищесінде өндірістік оқу шебері болып бастаған. 1990 жылдан бастап Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінде ұзақ жылдар бойы абыройлы қызмет атқарды. Ол арнаулы пәндер оқытушысы, аға шебер, жоғары санатты өндірістік оқыту шебері ретінде талай шәкірт тәрбиеледі.

Берік Кәріғұлұлы тәрбиелеген шәкірттер түрлі деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, ұстаз еңбегінің жемісін көрсетті. Өндірістік оқу шеберлері арасында өткен облыстық кәсіптік шеберлік байқауының лауреаты атанған. Ол тек білікті ұстаз ғана емес, ауданның қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласқан жан еді. «Ақтоғай ардагерлері» ансамблінің мүшесі ретінде ел ішінде өнерімен де танылды. Кәсіптік білім беру саласындағы шығармашылық еңбектері үшін салалық мекемелердің грамоталарымен марапатталған.

Қимас, сыйлас досымыздың жарқын бейнесі, адамгершілігі мол қасиеттері, шәкірттеріне деген қамқорлығы, қарапайымдылығы және еңбекқорлығы әріптестері мен жанындарының жүрегіне мәңгі сақталады. Марқұмның жарқын бейнесі, жасаған игі істері мен шәкірттеріне қалдырған өнегесі ұмытпаймайды.

Аяулы досымызға деген жүрекке сыймас сағыныш пен қимастық мұңды өлең жолдарына айналдырып, жан сырымызды жырға қосамыз:

Берік досымызға арнау
Көз тиді ме, сөз тиді ме, білмедім,
Көз алдымда жарқылдап бір күлгенің.
Суық хабар естігенде, досым-ау,
Ауыр ойдан арыла алмай жүргенім.
Ешкімнің жоқ, білем, бірақ таласы,
Тағдырлардың болып тұрар аласы.
Жүректерге жара болып қадалған,
Еңсиретіп кетті достың қазасы.
Азамат ең, тарқамаған базары,
Түсті Алланың жазы адамға назары.
Жылы жүрек, иман жүзді Берігім,
Естігенде күніреңдік қазанды.
Ұл-қызының болған әке нағасы,
Сендей болсын отбасының панасы.
Ойда жоқта жан-жарынан айырылған,
Бібіміздің болмай жүр-ау шарасы.
Берік досым, жарқыраған биік ең,
Бұл өмірді шын жүреппен сүйіп ең.
Ауру болып жатқан егер, амал жоқ,
Сап-сау болып кеткеніне күйінем.
Қайталанбас тұлға едің, дарынды,
Жүрген жерің думанды еді, жалынды.
Түсінетін әркезде де жаныңды,
Дархан едің, бөліп берер барыңды.
Жабыққанда жүректерді мұң басты,
Сағынышпен сыныптастар жыр жазды.
Ешқашан да ұмытпаймыз бәріміз
Дәл өзіндей ақпейілді құрдасты.

Еске алушылар: достары.

Күні: 02.05.2026 Саат: 13:00 Мекенжайы: Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, «Ақсоран» мешіті. Ас берушілер: жұбайы, балалары.


№144

Жаңғырту жұмыстары жалғасады

Өткен аптаның соңында, Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты, «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі Ұлттық жобаның жетекшісі Дүйсенбай Тұрғанов облысымыздағы осы жобаның негізгі нысандарын аралап көріп, Қоғамдық кеңестің алғашқы отырысын өткізді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өздеріңізге белгілі, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 2 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстан: заман мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында инфрақұрылымдық проблемаларды басымдық ретінде атап өтіп, Үкіметке жыл соңына дейін «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі Ұлттық жобаны бекітуді тапсырған. Соның нәтижесінде 2024 жылғы 25 желтоқсанда Үкіметіміздің қаулысымен аталған жоба бекітіліп, соның ішінде біздің өңірімізде бірнеше ірі пилоттық жоба жүзеге асырыла бастады. Олар инженерлік желілердің тозуын төмендетуге, жылумен жабдықтау сапасын арттыруға және халықты сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған еді.



Дүйсенбай Нұрбайұлы бастаған Қоғамдық кеңес мүшелері және белгілі қоғам қайраткері, еңбегі сіңген энергетик Петр Своик бұл жолғы сапарында әуелі Теміртау қаласындағы жобалық екі нысан басында болып, оларды мұнда атқарылған жұмыстар барысымен Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов таныстырды. Мәселен, 3-жылу магистралінің жобалық-сметалық құны 6,2 миллиард болатын 8,27 шақырымының ескірген құбырларының қазірге дейін 6,86 шақырымы жаңартылып, қала тұрғындарын жылумен жабдықтау сапасы артқан. Қалған шақырымдардың құбырларын ауыстыру жыл соңына дейін аяқталатынын мәлімдеді қала әкімі.

Теміртаудағы екінші нысан 2А-жылу магистралінің 3,64 шақырым құбырлары толығымен жаңғыртылған екен. Құны 1,9 миллиард болатын бұл жобаны орындау жұмысында заманауи оқшау материалдар қолданылған. Келесі кезекте Қоғамдық кеңес мүшелері Қарағанды қаласына бет түзеіп, ондағы жобалық тағы екі нысанға ат басын тіреді. Мұның бірі су тазарту құрылыстары болса, олардың 80 пайыз тозығы жетіп, апаттар тұрақты түрде тіркеліп отырғандықтан қазіргі кезде жабдықтау мен желілерді жаңартып, су тазарту блоктарын реконструкциялаудың 15,3 миллиард теңгелік жұмыстары жүргізілуде. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан Қарағанды мен Теміртау қалаларын және Ақтас кентін сумен қамтамасыз етеді.

Ал, ендігі төртінші нысан – 2-жылу магистраліндегі құны 10,6 миллиард теңгенің жұмыстарын тындыру 2025-2027 жылдарға жоспарланса, оның желілері кезек-кезеңмен ауыстырылып, өткен жылдың өзінде мұнда жаңадан 800 метр құбыр төселген. Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожуховтың айтуынша, бұл екі нысандағы шаруалардың барлығы белгіленген мерзімінде тәмамдалмақ. Бірақ кейбір құбырлар орталық саябақ арқылы өтетіндіктен оларды жер бетіне төсеу кезінде қаншама ағаштардың қырқылып, жойылатыны алаңдатпай қоймайды. Соны болдырмау үшін қала әкімдігі жоба авторларымен және бас мердігермен келіссөздер жүргізуде.

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• КЕЗДЕСУ

Ақ бұлттардағы сағыныш

Ұлттық руханияттың мерейін асырып, кітапқа деген құрметті арттыратын Ұлттық кітап күні аясында өткен тағылымды шаралардың бірі – қаламгер Жанболат Башар шығармашылығына арналған «Ауылдың ақ бұлттары – сағыныш пен шындық айнасы» атты еркін алаңдағы әдеби кездесу болды. Бұл басқосу жана кітаптың таныстырылымымен ғана шектелмей, терең мазмұнды талқылауға ұласқан рухани кешке айналды.



Нұрдіс КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеби орта өкілдері – Қуандық Сәденов, Мәлдір Бөлекбаева, Бақытжан Әрінов, Қуаныш Аманқұлов, тарихшы Дәулет Қожақов, журналист Еркеназ Бактораз және колледж студенттері қатысқан жиында қаламгердің «Біздің ауылдың ақ бұлттары» атты хикаяттар мен әңгімелер жинағы жан-жақты сараланды. Кеш тізгінін ұстаған кітапханашы Меңдігүл Қозықорпешқызы әдеби талқыны шебер үйлестіріп, әр пікірдің салмақты айтылуына жол ашты.

Балқаш қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі, ақын-жазушы Жанболат Башардың бұл жана туындысы – әдеби қауым үшін шын мәніндегі сүйінші жаңалық. Қаламын серік еткен қаламгерлер үшін де, ізденістегі жас оқырман үшін де бұл кездесу ойлы пікір мен рухани олажаға толы болды.

– Кітап мазмұнына үңілген сайын бүгінгі қазақ прозасында сирек қозғалғанымен, әр адамның жүрегіне жақын тақырыптардың терең бейнеленгеніне көз жеткізесің. Қарттықтың үнсіз мұңы, ананың алаң көңілі, адамның өмір алдындағы жалғыздығы – жинақтың өзегіне айналған өмір шындығы. Жанболат ағамыздың әр

шығармасы осы өңірде болған оқиғамен терең байланысып жатыр. Шығармасында уақытпен жарысып жүріп, ақырында сол уақыттан ұтылған адамның тағдыры тұлғасы баяндалады. Бір кезде биікте жүрген кейіпкердің бүгінгі күйі – тұтас буынның ішкі трагедиясын аңғартады, – деді қаламгер Қуандық Сәденов.

Ал, «Балнұр» әңгімесі – аналық жүректің шексіз мейірімі мен алаңын көркем жеткізген туынды екендігін айтып, журналист Еркеназ Бактораз терең талдау жасады.

– «Балнұр» әңгімесін оқығанда мен қазақ әйелінің адалдығын, келін болып түскен босағасын кие тұтқан жанды анық аңғардым. Қыстың қақаған аязында қызын ойлап сарылған ананың әр сөзі оқырман жүрегіне тіліп өтеді. Мұнда ауру – тек дерт емес, үміт пен үрейдің, сенім мен шарасыздықтың шарпысқан сәті. Шығарманың басты ерекшелігі шынайылығында, – дейді Еркеназ Бактораз.

Қатысушылар «Ақ бұлттар» бейнесінің символдық мәніне ерекше тоқталды. Бұл – сағыныштың, тазалықтың, өткініш өмірдің белгісі. Бір сәт көрініп, ғайып болатын ақ бұлттар секілді адам ғұмырының да баян-

сыздығы көркем өрнекпен берілгендігін атады. Кітапқа енген «Танағұл қорғаны», «Жоғалған қала», «Қаумет», «Ақ төбет», «Келіншек жоғалған түн», «Қыстақта атылған оқ», «Бас», «Өң мен түстің арпалысы», «Жазу», «Әке», «Ояну» секілді шығармалар атауының өзі оқырманды терең ойға жетелейтіндігін жеткізді.

Айта кетейік, автор артық әсірелеуден, жасанды пафостан аулақ. Шығармасының әрқайсысы адам тағдырының бір үзінгі бейнелейтін көркем әлем. Жанболат Башар прозасының қуаты – психологиялық тереңдік пен өмірлік шындықтың табиғи үйлесімін аңғарамыз. Жазушы оқырманды сырттай бақылаушы етпейді, керісінше, кейіпкермен бірге күй кешуге жетелейді. Оның қарапайым, бірақ, астарлы тілі оқырман жүрегіне бірден жол табады. «Біздің ауылдың ақ бұлттары» – бір сәт оқып шыға салатын емес, қайта-қайта оралып, әр жолынан жаңа мағына іздейтін туынды. Бұл – бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтың да рухани азығына айналатын салмақты шығарма.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Қос жүлдемен оралды

Елорда төрінде бес күн бойы кітапқұмар қауымның ордасына айналған «Astana Eurasian Book Fair – 2026» ІХ халықаралық көрме-жәрмеңкесі өз мәресіне жетті. Орталық Азиядағы ең ірі мәдени алаңдардың бірі саналатын бұл дүбірлі жиында Арқаның абыройын асқартқан «Qasymkitar» баспасы қос бірдей номинация бойынша үздіктер қатарынан көрінді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

22-26 сәуір аралығында Президент орталығында өткен көрме биыл өзінің халықаралық мәртебесін айрықша нығайтты. Бес күрлықтың басын қосқан жәрмеңкеде 80-нен астам ұйым – баспалар, ғылыми-білім беру орталықтары мен полиграфиялық алпауыттар қатысқан. Көрмеге әлемнің 15 елінен өкілдер келді. Түркия, Қытай, Испания, Иран секілді тұрақты қатысушылардан бөлек, биыл тұманды Альбион – Ұлыбритания алғаш рет өз өнімдерін ұсынды.

Көрме аясындағы ең басты айшықты оқиға – 23 сәуір, Ұлттық кітап күнінде өт-

кен республикалық байқаудың қорытындысы. Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған бұл доғаға 32 баспадан 155 өтінім түскен.

Байқаудың негізгі бағыттары – «Балалар әдебиеті», «Комикс және фантастика», «Нон-фикшн» (танымдық, психологиялық, бизнес), «Детектив және сатира жанрлары», «Үздік иллюстрация және аударма», «Жыл кітабы» (Гран-при).

Биылғы бәйгеде «Qasymkitar» баспасы оқырман мен сарапшылардың жоғары бағасын алып, қос бірдей биікті бағындырды. «Үздік баспа» номинациясы бой-

ынша – II орын. «Детектив жанрындағы үздік кітап» номинациясы бойынша – II орын.

– Біздің баспада Тұрсынбек Әлиұлы ағамыздың «Улуру» атты хикаяты кеңінен сұранысқа ие. Бұл туындының мазмұны мен детективтік иірімдері оқырманды баурап алды. Халықаралық деңгейдегі көрмеде осындай баға алу – біз үшін үлкен мәртебе әрі жауапкершілік. Жалпы, біздің баспамыздың басты миссиясы – оқырманды арзан дүниелермен алдау емес, оны биік талғамға жетелеу. Біз әрбір шығарманы іріктегенде оның танымдық деңгейі мен көркемдік сапасына, тілінің шұрайлылығына баса назар аударамыз, – дейді баспа редакторы Гүлдана Қуатқызы.

Жыл сайын ауқымы кеңейіп келе жатқан бұл жәрмеңке еліміздің кітап нарығы тек ішкі сұранысты ғана емес, халықаралық деңгейдегі бәсекелестікті де игеріп жатқанын көрсетті.

• ЖӘДІГЕР

Сапарғали ағаның «сәлемдемесі»

Адамзат өркениеті дамуының баспа ісіндегі үлкен жетістіктің бірі – жазу машинкасы. Осындай бір жәдігер Қарқаралық тарихи-өлкетану музейінде сақталып тұр.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жазу машинкасы журналист, ақын, жазушы Сапарғали Ләмбекұлына тиесілі. 1936 жылы 5 маусымда осы ауданға қарасты Қайнарбұлақ ауылында туған ол ұлттық әдебиеттің өсуіне, қазақ мәдениеті мен руханияты дамуына мүмкіндігінше үлес қосқан қаламгер. Мектеп бітірген соң Сапарғали Ләмбекұлы аудандық газет редакциясына қызметке тұрып, зейнеткерлікке шыққанша «Коммунизм таны» (қазіргі «Қарқаралы») қоғамдық-саяси басылымында тілші, бөлім меңгерушісі лауазымында қызмет атқар-

ды. Қаламгер ҚазҰМУ-дің журналистика факультетін сырттай оқып бітірген екен. Ол еңбек ардагері, КСРО Баспасөзі ісіннің үздігі, Қазақстан Журналистер одағының Кәкімжан Қазыбаев атындағы сыйлығының иегері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

Шығармашылық мүмкіндігін тиімді пайдаланған Сапарғали Ләмбекұлы «Қарқаралы саздары», «Қыр қырандары», «Тайталас», «Атакәсіп», «Сарыжайлау сазы», «Әке жолы», «Еділбай», «Төттімбет», «Арыстар», «Тағдырмен тартыс», «Туған елдің түтіні», «Сырлерне», «Қатты қабат», «Алапай мен талапай», «Жоғалған шопан» тәрізді кітап-

тардың авторы. Оның аталған туындыларының біразы музейде тұрған портативті машинкада жазылғаны күмәнсіз. Жоғарыда айтқанымыздай, бұндай техникалық құрал компьютер пайда болғанға дейін жазушылар мен журналистердің негізгі жұмыс құралы болды. Әрбір шығарма газет бетіне басылуға немесе кітап болып оқырман қолына тиюі үшін талант пен қабілетке қоса үлкен еңбек, ықтияттылық пен жауапкершілік қажет. Сапарғали Ләмбекұлы осы талаптар үдесінен шыға білген шебер еді.

– Сапарғали аға 1982-2006 жылдар аралығында қолданған, «Москва» портативті жазу машинкасын қызы Алуа Ләмбекова музей қорына 2013 жылы тапсырды. Сол уақыттан бері ол музей экспозициясының маңызды жәдігерінің бірі ретінде мұқият сақталуда. Осы экспонат арқылы өткен га-

• КЕШ

Туған жер төріндегі жүздесу

«Ақтоғайым, мен сенің бір ұлыңмын!» Осы бір жүрекжарды сөз Алаш арыстарының ізі қалған қасиетті топырақта қайта жаңғырды. Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар мерекесі қарсаңында Президент сыйлығының лауреаты, медиа зерттеуші Төлен Тілеубай туған еліне перзенттік есеп беріп, шығармашылық кешін өткізді. Тоқырауын бойындағы қалың қауым қаламгердің жырмен өрліген жастық шағын, публицистикадағы қайраткерлік жолын және «Түлкілітаудың аспанында» қалықтаған балалық шақ сағынышын автормен бірге қайта тебірене толғады.



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балалықтың дастанындай болған «Түлкілітаудың аспаны» кітабы – қаламгердің төртінші кітабы. Ал, проза жанрындағы алғашқы туындысы. Төлен әріптесіміз әдебиетке тосыннан келген жок. Журналистикаға өлең жазып келген ол «Шабыт» фестивалінде қазақтың ауылы ақын қызы Фариза Оңғарсынованың батасын алыпты. Сонда Фариза ақын: «Айналайын, Төлен бауырым, публицистикамен таныспын. Жазуына ризамын. Бірақ, сен прозаны қолға алып көрші. Қолыңнан келеді», – деп сенім білдірген екен.

Міне, ақынның бір ауыз пікірі қаламына қуат беріп, көркем шығарманың да ауылына ат байлатты. Қаламгердің алғашқы прозалық жинағына «Түлкілітаудың аспаны» атты повесі және әңгімелері енгізіліпті. Алғашқы повесіне ауыл баласының арман-тілегі, мақсат-мұраты, адамның бойындағы адалдық, мейірім сияқты ізгі қасиеттер арқау болған. Автор шығарманың бас кейіпкері Әмірдің балалық шағын суреттеу арқылы ауылдың мамыражай тіршілігін сағынышпен жеткізеді.

Кеш шымылдығы талантты балалар сомдаған повесть үзіндісімен түрілді. Бала Әмірдің әкесіне «ауыл ғажабын кітапқа түсіремін», деген уәдесінен соң сахнаға құрметті кеш иесі көтерілді. Сонда хикаяттағы бас прототиптің өзі екенін түсінген көрермен қол соқты.

Кешті ақпараттық технологиялар маманы, абытанушы ғалым Сұлтан Ыбырай жүргізді. Төлен әріптесіміздің сөз өнеріне өлең жазып келгені белгілі. Ақтоғай халық театрының әртістері ақынның жалындаған жастық шағындағы жазған өлеңдерін оқыды.

Туған жерге, ауыл-анаға деген зор сүйіспеншіліктен туған Төлен Тілеубайдың сөзіне жазылған композитор Медет Салықовтың «Ақшім – ән арқауым» әнін «Толқиндастар» тобы шырқады.

Қолына қасиетті қалам ұстаған жанға құрмет көрсету, төрге шығару –

казак баспасөзіне, қазақ әдебиетіне, тұтас ұлтқа деген құрметпен барабар. Өз кезегінде аудан әкімі Абылай Аманжолов ақтоғайлықтардың атынан қаламгерге құрмет көрсетті.

Дәстүрлі әннің дүлдүлі Ержан Базарбеков қаламгерін ардақтап, кеш өткізіп жатқан Ақтоғайдың еліне ризашылығын білдіріп, Үкілі Ыбырайдың «Шаттық», Балуан Шолақтың «Ғалиясын» орындады.

Құрметті меймандар да сахнаға көтеріліп, кеш иесіне құтты болсын айтты. Қазақтың Сары теңгегі, ақын, бард Қуаныш Максұтов, ақын Мүсіркеп Сейдахмет, журналист, қоғам қайраткері Мақпал Орынбет жылы лебіздерін жеткізіп, алдағы шығармашылық жолына сәттілік тіледі.

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабек «Saryarqa aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілданың құттықтау хатын табыстап, иығына шапан жапты. Ақынды Мүсіркеп Сейдахмет пен Руслан Нұрбай өлеңдерін оқып, кітаптарын сыйлады.

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Гүлнар Шөменова, университеттің «Үкілі үміт» клубының атынан ақын Нұрасыл Аманжол сөз сөйлеп, естелік сыйлықтарын тарту етті. Ақын, композитор Қалиаскар Шыныбектегі меймандардың атынан ән салып берді.

Төлен Зәрубайұлының оқушы кезінен өнерге баптанған ауылдағы мәдениет үйінің меңгерушісі Жанар Төселбаева өлең жазылған сарғайған қағазды сыйға тартты. Кежек ауылының әкімі Мейірбек Мәкенбаев та жазушыларына сый жасады. Ардагер ұстаз, қаламгердің апасы Дыбыс Тілеубаева да сахнаға шығып, жазушысын алақанына салған ақтоғайлықтарға, алғыстан ат арылтып келген меймандарға жылысын жаудырды.

Кеш соңында «Түлкілітаудың аспаны» кітабы кеңінен талқыланып, жас оқырмандар жазушымен еркін сұхбат құрды. Ақтоғайдың аспанында перзенттік махаббаттың өні қалықтап, қазақ сөзінің құдіреті тағы бір мәрте ұлықталды.

Ақтоғай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан



сырдағы жазу мәдениетін, шығармашылық еңбектің ерекшелігін көруге болады. Оның қай жылы зауыттан шыққаны белгісіз болса да, құны КСРО ақшасымен сол кезде 135

рубль тұрғаны корпусындағы пластинкада анық жазылған. Жазушының жарық дүниеге есігін ашқанына биыл 90 жыл толады. Туып-өскен өлкесінің шежіресін кестелеп, өңірде бұрын-соңды жасаған тау тұлғаларымыздың өмірі мен еңбегін көркем тілмен кескіндеген қаламгердің соңында қалған заттық мұрасының бірі ретінде бұл құнды дүние, – дейді Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы Айтбану Қадырова.

Қазіргі заманда мұндай жазу машиналары сирек кездесетін тарихи мұраға айналды. Сондықтан, бұл экспонат жас ұрпаққа өткен дәуірдің еңбек құралдары қандай болғанын танытып, тарихқа қызығушылығын арттыруға қызмет ете беретіні күмәнсіз.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұхар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 068
№45 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ